



Сарқан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 325 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 27 қыркүйекте № 63-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қаңтардағы № 7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 10.01.2025 № 7 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 мамырда №11148 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сарқан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарқан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан ауданының әкімі

Г. Маманбаев

2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 325
қаулысына қосымша

Сарқан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері,
---	---------------	----------------------------	---------------	--

			Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)		сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Сарқан қаласы, К. Буашев көшесі мен Пушкин көшесінің қиылысында	180	5	а у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Сайман" дүкені
2	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі мен Пушкин көшесінің қиылысында	139	5	а у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	ет павильоны
3	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі мен Пушкин көшесінің қиылысында	346	5	а у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	ет павильоны
4	Қойлық ауылы Макетов көшесі, № 164 үйге қарама-қарсы	100	5	а у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Ақнұр" дүкені
5	Қойлық ауылы, Макетов көшесі, № 166 үйге қарама-қарсы	175	5	а у ы л шаруашылығы өнімдерін сату	"Ақнұр" дүкені